


Калиновка орта мектебі

Бекітемін 

Мектеп директоры: Т.Б.Танирбергенов

«01» 09 2023ж

Келісемін 

ТЮ: Н.У. Кульниязова


«01» 09 2023ж

Тексерілді:

Бекітемін 

Мектеп директоры: Т.Б.Танирбергенов

«05» 01 2024ж

Келісемін 

ТЮ: Н.У. Кульниязова

«05» 01 2024ж

Үйірме атауы:

«АЛТЫН ИНЕ»

5-6 сыныптарға арналған

Үйірме жетекшісі: Таженова Г.Б.

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат «Алтын ине» тігін қолөнер үйірмесі

Қолөнер үйірмесі сабағының негізгі бағыты үйрету, оқыту, игеру болып табылады. Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдарын жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді. Сонымен бірге оқушы салт-дәстүріміздегі қолөнеріміздің аса қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екендігін жете түсіне білуі керек. Бұрынғы ат-бабаларымыздың қолөнерін жоғалтпай ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру бүгінгі күні басты міндетіміз. Олай болса үйірмеге қатысатын оқушылар алған білімдерін, өнерлерін өздері ғана біліп қоймай кейінгілерге де үйретеді деген ойдамыз. Шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керек заттардың жаңа сан алуан мата, қағаз, былғары, ағаш, су моншақ, тоқыма құрастыру т.б. әсем түрлі бұйымдарын жасауға қызығады.

Үйірменің мақсаты:

- Оқушыларды халықтың ұлттық өнеріне сендіру, оның арнаулы түрлерін оқытып үйрету;
- Ұлттық өнердің жасалуы мен орындалу жолдарына жаттықтыру, дағдыландыру;
- Халық өнерінен үлгі өнеге алу және еліктеу;
- Оқушылардың шығармашылық сезімдерін көтермелеу және дамыту, ойлау танымдық қабілетін қалыптастыру;
- Халық шеберлерімен таныстырып, олардың еңбектері арқылы әсемдікті бағалауға, өз ұлтының мәдениетін арттыруға, қадірлей білу.

Үйірменің міндеті:

- Оқушылардың шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнер тамған шәкірт тәрбиелеу. Оқушылардың шеберлігін, білім мен еңбегінің көсету.
- Ұлттық өнердің жасалуы мен орындалу жолдарына жаттықтыру, дағдыландыру;
- Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік дағдысын жетілдіріп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.
- Халқымыздың бұрыннан жалғасып келе жатқан қолөнерін жаңа стильде жандандыру, уақыт талабына сай жетілдіру.

Құрал – жабдықтар пайдалану барысында оқушылар:

- ине, қайшы, бізбен жұмыс жасауды;
- қол тігістерін орындап, техникалық қауіпсіздік ережені сақтауды;
- киып, қосып біріктіру тігістерін орындай білуі;
- жапсырма жұмыстарға желімді пайдалануды;
- құрал – жабдықтар мен өлшем таспаны қолдана білуі;
- түстерді дұрыс сәйкестендіре білу;
- сурет сала білу
- бұйымның эскизін орындай білу;
- ине жіптерді әр түрлі бұйымдарға қолдана білу;
- шаблон үлгілерін дайындауды білуі;
- технологиялық карталармен жұмыс істей білу;
- үтікпен жұмыс жүргізуді білуі.

Еңбек қауіпсіздік ережелері, инемен жұмыс істеу тәртібі:

- Инені ине түйреуішке ғана түйреп салу керек;
- Инені ауызға салуға, киімге түйреуге болмайды;
- Жіпті тістеп кесуге болмайды;
- Сынған инені жерге тастауға болмайды.
- Үтікпен жұмыс істеу тәртібі:
- Үтікпен алдында өткізгіштің үзілген жерін тексеру керек;
- Ылғалды қолмен тоққа қосылатын үтікті ұстауға болмайды;
- Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек
- Қайшымен жұмыс істеу тәртібі:
- Қайшыны жолдсына үшкір жағын өзіңе қаратып бер;
- Қайшының жүзін жабық түрінде партаның оң жағына қой.
- Желіммен жұмыс істеу тәртібі:
- Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жап;
- Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін міндетті түрде қолыңды жу;
- Жұмыс кезінде арнайы сүлгі ұста.

Максаты: Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдыққа сыйлы қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Шеберлік сағаты барысында ағаштан жасалынған конструктор үйін құрастырып, гүлдер және моншақтармен сәндеу үлгісі көрсетілді. Керек құрал жабдықтары: шығармашылық жиынтығы, жасанды гүлдер, моншақ және ыстық желім немесе пва желімі. Осындай шеберлік сағаттары арқылы балалар жазғы демалыс уақыттарын тиімді пайдалануға үйренеді.

Тақырыптық жоспар

№	Тема	Сағат саны	уақыты
1	Кіріспе сабақ. ҚЕ таныстыру. Жұмыс орнын дайындау. Түйреуіш тігіп үйрену	2	04.09
2	Қол тігістер мен күрделі қол тігістер	4	08.09-11.09
3	Тігін машинасымен танысу.	2	15.09
4	Мата түрлерімен танысу (мата тандауға үйрену)	2	18.09
5	«Пэчворк» құрамалы құрақ әдісімен танысу, көрпе тігіп көру	4	22.09 25.09
6	Құрақ көрпенің түрлері мен танысу, тігіп көру	4	29.09-2.10
7	Құыршаққа көйлек пішіп, тігу	4	6.10-9.10
8	Құрақ сөмке тігу технологиясы	2	13.10
9	Құрақты бір біріне құрастырып тігу, машина тігістерімен бекіту	2	16.10
10	Машина тігістерінің түрлерімен танысу, тігіп көру	2	20.10
11	Ыдыс ұстағыш тігіп үйрену, мата тандау	4	23.10-27.10
12	Киім жөндсуді үйрену	4	6.11-10.11
13	Фетрдан қолөнер бұйымдарын жасау және тігу	8	13.11-17.11-20.11-24.11
14	Көпшік тысын тігу	6	27.11-01.12-04.12
15	Ши құрақтан көпшік тысын тігу	8	8.12-11.12-15.12-22.12
16	Қалдықтардан сыйлық идеясы. Артқы әсері бар майлықтарды қалай тігуге болады	8	25.12 8.01-12.01-15.01
17	Матадан доп тігіп үйренеміз	8	19.01-22.01-26.01-29.01
18	Үш бұрыштардан тігілген кілемше	10	2.02-5.02-9.02-12.02-16.02
19	Зигзаг техникасы арқылы шпурдан тарелке астына майлықтар тігу	8	19.02-23.02-26.02-1.03
20	Зигзаг техникасы арқылы арқан себет, арқан тостаған тігу	8	4.03-11.03-15.03-18.03
21	Алжапқыш түрлерімен танысып, мата тандап, пішіп, тігіп үйрену	10	1.04, 5.04, 8.04, 12.04, 15.04
22	Қалдық джинсы матасынан аяқ астына төсеніш кілемше тігу	8	19.04, 22.04, 26.04, 29.04.
23	Ескі киімдерден арқан өріп аяқ астына төсеніш кілемше тігу	4	3.05, 6.05,
	Бемдемше тігіп үйрену (мата тандау, пішу, тігу)	6	10.05, 13.05, 17.05
24	Орындыққа көрпешелер түрлерін тігіп үйрену	8	20.05, 24.05
		136	

Қолданылған әдебиеттер

1. Youtube – желісі

«Құрақ үйрету» - құрақ тігу каналы

«Nazym Kurak kore» - тігін каналы

Ардақ Смагулова - «лоскутное шитье» - тігін каналы

2. Facebook – желісі

«Quilting»- стегание (көрпеше, тігу) тағы басқа тігін түрлері группасы

«Бери и делай» - тігін тігуден лайфхактар группасы

3. Журналдар

4. Технология кітаптары